

Ата –аналар жиналысының анықтамасы

Тақырыбы: «Тәрбиедегі теңгерім: талап пен түсіністіктің белгісі»

Күні: 28.11.2025 ж

Уақыты: 15:00

Өткізілген орны: Медициналық жоғарығы колледжі

Қатысқандар: Колледж әкімшілігі, колледж психологы, тәрбие жөніндегі орынбасар, «Қазақ аналары – дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігі мамандары, ата-аналар.

1. Колледж психологының Айгерім Бабырқызының баяндамасы: «Тағдыр сақшылары деген кім?» «Жасөспірімдерге қолдау көрсетудегі ата-ананың рөлі».
2. Колледждің тәрбие жөніндегі орынбасарының Сыргүл Тұтқабайқызының сөзі: жалпы тәрбие бағыттары, студенттердің тәртіп және тәрбие мәселелері.
3. «Қазақ аналары – дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігі маманының Алтынай Мырқызының сөзі: ұлттық тәрбие, отбасындағы дәстүрлі құндылықтар.
4. Ата-аналар пікірлері, сұрақ-жауап.
5. Қорытынды.

Жиналыс барысында:

1. Колледж психологының баяндамасы тыңдалды

Психолог : «Тағдыр сақшылары деген кім?» және «**Жасөспірімдерге қолдау көрсетудегі ата-ананың рөлі**» тақырыбында сөз сөйледі.

Баяндамада төмендегі мәселелер айтылды:

Жасөспірімдер кезеңіндегі психологиялық өзгерістер;

Ата-ана тарапынан эмоционалдық қолдаудың маңызы;

Қолдау көрсету формулалары: тыңдау, түсіну, сабыр, бірлескен шешім;

Үй мен колледж арасындағы тиімді байланыс тәсілдері;

Жасөспірімнің психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдары.

Ата-аналарға баламен ашық диалог орнату, оның пікірін сыйлау, қиын сәтте қолдау көрсету қажеттілігі түсіндірілді.

2. Колледждің тәрбие жөніндегі орынбасарының сөзі тыңдалды

Орынбасары студенттердің тәрбие бағыттары бойынша ақпарат берді:

Колледж ішіндегі тәртіп, қатысу, сабаққа дайындық мәселелері;

Студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру;

Онлайн ортадағы мәдениет және қауіпсіздік;

Педагогтар мен ата-аналар арасындағы байланысты нығайту жолдары.

Ата-аналарға колледж тарапынан жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралар туралы ақпарат ұсынылды.

3. **«Қазақ аналары – дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігі мамандарының сөзі тыңдалды**

Мамандары ұлттық тәлім-тәрбие жөнінде баяндама жасады:

Отбасындағы дәстүрлі құндылықтар;

Ана тәрбиесінің ұрпақ болашағындағы рөлі;

Бала бойында мейірім, ұяндық, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру жолдары;

Ұлттық салт-дәстүрдің қазіргі жастар тәрбиесіндегі орны.

Ата-аналарға ұлттық құндылықтарды сақтаудың маңызы түсіндірілді.

4. Ата-аналар пікірлері тыңдалды, сұрақ-жауап өтті

Ата-аналар тарапынан тәрбиедегі қиындықтар, жасөспірім мінезіндегі өзгерістер, колледж-психолог-ата-ана байланысы жөнінде сұрақтар қойылды.

Психолог және педагог мамандар сұрақтарға жауап беріп, ұсыныстар айтты.

5. Қорытынды

Жиналыс барысында жасөспірім тәрбиесінде талап пен түсіністіктің теңгерімді болуы, ата-ана, педагог және психолог арасындағы үйлесімді байланыстың маңызы атап өтілді.

Ата-аналарға келесі ұсыныстар қабылданды:

Жасөспірімге эмоционалды қолдау көрсету;

Ақпараттық қауіпсіздікті бақылау;

Үй мен колледж арасындағы тұрақты байланыс орнату;

Ұлттық тәрбиені арттыру.

Колледж психолог

А.Б.Бохаева

<https://www.facebook.com/share/p/1CuaBwjb9f/?mibextid=wwXIfr>



